

Қазақстан Республикасында салықтық резиденттікті растау бойынша жадынама

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес, резидент емес жеке тұлғалардың кірістері салық салуға жатады. Банк салық агенті ретінде жинақ шоттары бойынша есептелген сыйақыдан жеке табыс салығын ұстап қалып, оны Қазақстан Республикасының бюджетінен түскен сомалар бойынша аударуға міндетті.

Жеке тұлға келесі жағдайда резидент болып танылады:

1) Қазақстан Республикасында өмірлік мүдделер орталығының болуы

Өмірлік мүдделер орталығы мынадай шарттарды бір мезгілде орындаған кезде Қазақстан Республикасында орналасқан орталық болып табылады:

- жеке тұлға Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты (ықтиярхаты) бар;
- жеке тұлғаның жұбайы (зайыбы) және (немесе) жақын туыстары Қазақстан Республикасында тұрады;
- жеке тұлғаның және (немесе) оның жұбайының (зайыбының) және (немесе) жақын туыстарының Қазақстан Республикасында тәуліктің кез келген уақытында өзіне және (немесе) жұбайына (зайыбына) және (немесе) туыстарына тұруға қолжетімді, меншік құқығында немесе өзге де негіздерде тиесілі жылжымайтын мүлкі бар.

Салық резиденттігін растау үшін резидент емес жеке тұлға Қазақстан Республикасында өмірлік мүдделер орталығының болуын растайтын жоғарыда аталған құжаттарды Банкке ұсынуы қажет.

Тұлғаның резиденттігі әрбір күнтізбелік жыл үшін расталады.